



КеАҚ «Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті»

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ

БЕКІТЕМІН

КеАҚ «Х.Досмухамедов атындағы
Атырау университеті»

Басқарма төрағасы-ректор

С.Н.Идрисов


« 24 » 12 2020 ж.




«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР»
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СМЖ № 195

Атырау, 2020


	КеАК «Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті»	Басылым: бірінші
	«Математика және қолданбалы технологиялар» ғылыми-зерттеу институты туралы Ереже	2 - бет, 9 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Математика және қолданбалы технологиялар ғылыми-зерттеу институтының директоры	Б.З. Кенжегулов		24.12.20
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М. Утепкалиева		24.12.20
	Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры	Д.Г. Батрышев		24.12.20
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		24.12.20
	Заң қызметінің жетекшісі	К.С. Куанов		24.12.20


 ATYRAU UNIVERSITY	КеАҚ «Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті»	Басылым: бірінші
	«Математика және қолданбалы технологиялар» ғылым-зерттеу институты туралы Ереже	3 - бет, 9 беттен тұрады

Мазмұны


1	Жалпы ереже	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	5
4	Негізгі қызметі	5
5	Құқығы және жауапкершілігі	6-7
6	Танысу парағы	8
7	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	9

	КеАҚ «Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті»	Басылым: бірінші
	«Математика және қолданбалы технологиялар» ғылыми-зерттеу институты туралы Ереже	4 - бет, 9 беттен тұрады


1.	<p>Жалпы ереже</p> <p>«Математика және қолданбалы технологиялар» (МҚТ) ғылыми-зерттеу институты (ҒЗИ) жалпы университеттік бөлімше. Негізгі мақсаттарының бірі ғылыми-зерттеу бағыттарын жоспарлау, ұйымдастыру және бағыттау, сондай-ақ жоғары дәрежелі мамандар даярлауға, жобалау мен ғылыми-зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу және оларды университеттің оқу үдерісінде жалғастыру мәселесімен байланыстыру, ҚР экономикасын тұрақтандыру жағдайларымен айналысады.</p>
1.2	МҚТ ҒЗИ өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын және нормативтік құжаттарды, Университет Уставын, Басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтарын және осы Ережені басшылыққа алады.
1.3	МҚТ ҒЗИ қызметі институт директорының басшылығымен жүргізіледі. Институт директоры қызметіне конкурстық комиссия шешімімен Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады және қызметтен Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен босатылады. Институт директоры жоқ кезде (іс-сапарда, жұмысқа жарамсыз болса және т.б.) директорлық қызметті математика және қолданбалы инженерия орталығының жетекшісі жүргізеді.
1.4	МҚТ ҒЗИ өзінің қызметінде университет Басқарма төрағасы-ректоры бекіткен ағымдық және болашақта жоспарлаған бағдарламаларды, сонымен қатар Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарды (2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясы, 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспар) негізге алады.
1.5	МҚТ ҒЗИ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау бюджеттен тыс көздерден қаржыландырылатын сыртқы тапсырыстар портфеліне сәйкес жүзеге асырылады.
1.6	МҚТ ҒЗИ қызметін қаржыландыру: <ul style="list-style-type: none"> -бюджеттік қаржыландыру; -клиенттермен және қызметтерді тұтынушылармен жасалған келісім-шарттар бойынша жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу, ғылыми-практикалық және білім беру қызметінен түскен табыстар.
1.7	Тапсырыс берушілер-Университеттің құрылымдық бөлімшелері, сыртқы клиенттері (заңды және жеке тұлғалар) болып табылады.
2	<p>Қысқартулар</p> <p>КеАҚ АтУ – Коммерциялық емес Акционерлік Қоғам Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті;</p> <p>МҚТ ҒЗИ – «Математика және қолданбалы технологиялар» ғылыми-зерттеу институты;</p> <p>АМЖП – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;</p> <p>ҒжХҚЖП – Ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор</p> <p>СМК – Сапа мониторингі кеңесі;</p> <p>ҚББ – Құрылымдық бөлімнің басшысы.</p>

 ATYRAU UNIVERSITY	КеАҚ «Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті»	Басылым: бірінші
	«Математика және қолданбалы технологиялар» ғылыми-зерттеу институты туралы Ереже	5 - бет, 9 беттен тұрады

3	Нормативтік сілтемелер
3.1	«Қазақстан Республикасының білім туралы» Заңы, «Ғылым туралы» Заңы, «Коммерциализация туралы» Заңы;
3.2	«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (07.07.2014 ж. өзгертілді)
3.3	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (2007 жылғы 15 мамырда қабылданған, 2015 жылғы 10 қаңтардағы өзгерістер мен толықтыруларымен).
3.4	ИСО 9001: 2015 Халықаралық стандарт талаптары.
3.5	КеАҚ АтУ-нің нормативтік құжаттары.
4	Негізгі қызметі
4.1	Жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы зерттеулерді әзірлеу мен жүргізу үшін Қазақстан Республикасы, шет ел кәсіпорындары мен ұйымдары арасында шаруашылық келісім-шарттар жасасу.
4.2	Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен тәжірибе алмасу, тағлымдамадан өту және т.б. ұйымдастыру;
4.3	Ғылыми-техникалық бағдарламаларды және жобаларды әзірлеуге, сондай-ақ университетте жоғары білікті ғылыми қызметкерлер мен мамандарды даярлауға қатынасу;
4.4	Келісім-шарт негізінде сыртқы клиенттерге әдістемелік, сарапшылық және консалтингтік қызмет көрсету;
4.5	МҚТ ҒЗИ қызметі бойынша конференциялар, семинарлар, әлеуметтану мектептері, дөңгелек үстелдер, тренингтер және басқа да іс-шаралар түрінде тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
4.6	Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларға, конкурстарға қатысу;
4.7	Ғылыми-зерттеу нәтижелерін ғылыми мақалалар жинақтарында, ғылыми журналдарда және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап тұру;
4.8	Қазақстан Республикасының заңнамасына және КеАҚ АтУ Жарғысына қайшы келмейтін өзге де іс-шараларды жүргізу.
4.1	Жұмыстардың негізгі бағыттары
4.1.1	Ғылыми-білім беру қызметі (жұмыс жоспарын ұйымдастыру және бекіту, мамандардың біліктілігін арттыру, конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру);
4.1.2	Ғылыми зерттеулерді қамтамасыз ету үшін университеттің материалдық-техникалық базасын дамыту және нығайту;
4.1.3	МҚТ ҒЗИ жұмысының негізгі бағыты – университеттің кафедраларына жоғары

 ATYRAU UNIVERSITY	КеАҚ «Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті»	Басылым: бірінші
	«Математика және қолданбалы технологиялар» ғылыми-зерттеу институты туралы Ереже	6 - бет, 9 беттен тұрады

	білікті ғылыми кадрларды дайындауда ықпал ету, тиісті салалардағы ғылыми және тәжірибелік-конструкторлық зерттеулер нәтижелерін жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, қамтамасыз ету, әзірлеу және енгізу. Университеттің оқу үдерісінің сапасын арттыру және Қазақстан Республикасының экономикасын тұрақтандыру.
4.1.4	МҚТ зерттеу саласына жас, қабілетті, серпінді мамандарды қолдау және тарту.
7	Құқығы мен жауапкершілігі
7.1	Құқығы:
7.1.1	Университет басшылығынан МТҚ ҒЗИ қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрау;
7.1.2	МҚТ ҒЗИ қызметін жетілдіру және зерттеу жүргізу үшін университет басшылығына ұсыныстар беру;
7.1.3	Басқа ұйымдар мен мекемелерде МҚТ ҒЗИ құзыретіне байланысты мәселелер бойынша университет атынан өкілеттік ету;
7.1.4	Семинарларға, тренингтер мен конференцияларға қатысу;
7.1.5	Университеттің және университет бөлімшелерінің ақпараттық ресурстарына белгіленген тәртіпте қол жеткізу;
7.1.6	Ережеге енгізілетін өзгерістер ҒЖХҚЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
7.1.7	Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге МҚТ ҒЗИ директоры жауапкершілікте болады.
7.1.8	Ережені МҚТ ҒЗИ директоры мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.
7.1.9	Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:
	- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
	- Басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;
	- құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
	- құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
	- ҒЖХҚЖП-дің рұқсат етуімен МЖҚ ҒЗИ директорының өзгертулер себептерін көрсеткен қызметтік хаты.
7.1.10	Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.
7.1.11	Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ереженің университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.

 ATYRAU UNIVERSITY	КеАҚ «Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті»	Басылым: бірінші
	«Математика және қолданбалы технологиялар» ғылыми-зерттеу институты туралы Ереже	7 - бет, 9 беттен тұрады

7.2	Жауапкершілігі:
7.2.1	Басқа қызметкерлер жауапкершілігінің дәрежесі лауазымдық нұсқаулықтармен бекітіледі.
7.2.2	МҚТ ҒЗИ қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындау кезінде алынған құпия ақпараттардың жария болмауына жауапты.
7.2.3	Ереженің Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері және ХС ИСО 9001:2015 талаптарына сай жасалуын СМК жүзеге асырады.
7.2.4	Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМК қызметі жүзеге асырады.
7.2.5	Құрылымдық бөлімдегі Ереженің тіркеуге алынған жұмыс данасын сақтауға ҚББ жауапты.
7.2.6	МҚТ ҒЗИ қызметкерлері университеттің материалдық-техникалық базасының бұзылмауына жауапты.

